

№3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

№113 Қаракөл орта мектебі Күні: 18.11.2025 жыл
(18.11.2025 жыл мектепте кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы болып өтті)

Қатысты: 29 мұғалім

Келмегені: 0 мұғалім

Тақырыбы: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №113 Қаракөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысын талдау

Мақсаты: Мемлекеттік аттестация қорытындысымен таныстыра отырып, кемшіліктер мен ескертулерді түзету жұмыстарын жүргізу.

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік аттестация қорытындысымен таныстыру
2. Жұмыс барысында кеткен кемшіліктерді түзету

Мектеп директорының кіріспе сөзі

2025-2026 оқу жылының 10-13 қараша күндері аралығында мектебімізде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік аттестация жұмыстарын жүргізді. Жұмыс нәтижесінің қорытындысы мектепке жолданды. Аталған жұмыс бойынша қорытындыда ұсынылған кемшіліктер мен ескертулерді педагогикалық ұжым мүшелеріне таныстыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Каденоваға тапсырылады.

Оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Каденова

Мектепте жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 13.11.2025 жылғы 17-18/01-16/812 санды хатына сәйкес жүргізілген жұмыстардың кемшіліктері мен ескертулері төмендегіше болды:

1. Жұмыстық оқу жоспарында бөлінетін пәндер көрсетілмеген. 10-11 сыныптарда таңдау бойынша тереңдетілген деңгейге 3 сағаттан 4 пән берілсе, стандартты деңгейге 1 сағаттан 4 пән берілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 22-қосымшасында таңдау бойынша тереңдетілген деңгейге 3 сағаттан 2 пән, стандартты деңгейге 1 сағаттан 2 пән берілуі қажет. 2024-2025 оқу жылында

негізгі орта білім беруді "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 16-қосымшасын басшылыққа ала отырып жасалған. Алайда, білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы қарастырылған. 8-9 сыныптарда вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы сақталмаған. 8 сыныпта «Мир русский словесности», «Қазақ жырының Қазыры», «Туризм және өлкетану», 9 сыныпта «Шәкәрімтану», «Экологиялық этика», «Қазақстан экономикасы» пәндеріне берілген. 2025-2026 оқу жылында 9-сыныпта вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясы сақталмаған. 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында 10-11 сыныптарда "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 22-қосымшасын басшылыққа ала отырып жасалған. 10-11 сыныптарда таңдау бойынша пәндерге «физика», «биология» таңдалған. Таңдап алған пәндер бөлінбеген. Басқа «химия», «география» пәндерін бөліп оқыту жүргізілген. Стандартты деңгейден «дүние жүзі тарихы», «құқық негіздері» пәндері таңдалған, алайда «графика және жобалау», «кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерін бөліп оқыту жүргізілген.

2. «Өзін-өзі басқару ұйымының» – 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынылғанымен жылдық жұмыс жоспары жүктелмеген. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы толық ақпарат ұсынылмаған. Сонымен қатар патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым қатынасты қалыптастыруда «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының жұмысы туралы ақпарат анықталмады. Білім беру мекемесінде 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырылғаны туралы ақпарат ұсынылмаған. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша атқарылған шаралар толық ұсынылмаған. Әдістемелік ұсынымдарға 13-1 қосымшасына сәйкес білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру мәліметі толық ұсынылмаған.

3. Таңдалмаған тереңдетілген деңгейден 2 пән 3 сағаттан, стандартты деңгейден 2 пәнге 1 сағаттан бөліп оқыту берілген.

4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ақпараттар толықтырылып құжаттары ұсынылмаған (бағаланатын кезеңге білім алушылардың дәрігерлік консультациялық комиссияның (ВКК) қорытындысы, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) қорытындысы, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері және мектеп директорының бұйрығы қоса беріледі).

5. 2024-2025 оқу жылының 1, 2- сыныптар дүниетану пәніне тақырыптарды кіріктіріп меңгерткенмен 3-4- сыныпта дүниетану пәні, 6-9- сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында кіріктірілгені көрсетілмеген. 2025-2026 оқу жылының I оқу тоқсаны бойынша 1- сынып және 4- сыныпта дүниетану пәніне, 9- 11-сыныптарда міндетті оқу курсы көрсетілмеген. ның жүргізілмегендігі электронды Bilim class журналында көрсетілген.

6. 2024-2025 оқу жылының 3,4,5,7- сыныптарда тәрбие сағатына кіріктірген қауіпсіз сабақтар көрсетілмеген. 2025-2026 оқу жылы бойынша 1,2,3,4- сыныптар тақырыптары берілмеген.

7. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей растаған құжаттары толық ұсынылмаған, растайтын құжаттары ұсынылмаған мұғалімдер: математика пән мұғалімі Ә.Аяпова, ағылшын тілі пәні Ж.Әубәкір, информатика пәні мұғалімі Н.Сейтқасымов, физика пәні мұғалімі Е.Үсембаева. Қазақ тілі пәні мұғалімі Н.Алдамжаровта, еңбек өтілі 16 жыл, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыру/растау талабы сақталмаған. Бағдарлы, ғылыми- әдістемелік орынбасарының бес жылда бір реттен сиретпей басшылық біліктілік санатын көтеру деңгейін растайтын құжат ұсынылмаған.

8. Жалпы үш жылда бір рет сиретпей курстан өту талаптары сақталғандығын растайтын құжаттары ұсынылмаған мұғалімдер: математика пәні мұғалімі Ә.Аяпова, ағылшын тілі пәні Ж.Әубәкір, информатика пәні мұғалімі Н.Сейтқасымов, физика пәні мұғалімі Е.Үсембаева. Химия пәнінің мұғалімі еңбек өтілі 7 жыл біліктілік арттыру курсынан өтпеген. Әдістемелік ұсыным бойынша ақпараттар толық емес 3 жылдан сиретпей біліктілік арттыру курсынан өту талаптары сақталмаған.

9. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидаларға мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық эпидемиологиялық қорытынды ұсынылмаған..

10. Ұлттық білім беру дерекқорында білім беру ұйымы бойынша ақпараттар қате көрсетілген, мысалы Білім беру ұйымының сайты қате, Кабинеттердің бар болуы ақпараты толық емес (информатика кабинеті 1 қорытынды есепте 2), Үй-жайдағы қозғалыс белгілері толмаған, компьютерлеу мәліметі мен оқушы саны қорытынды есептегі мәліметпен сәйкес емес, Ыдыспен қамтамасыз етілу, процент 35, Асханада отыратын орындар саны, бірлік санитариялық эпидемиологиялық қорытындымен сәйкес емес, Контингентте оқушы мәліметі толық емес (мысалы 8- сынып Электронды адрес (E-mail) міндетті өріс толмаған, Математикалық-жаратылыстану цикл пәндері бойынша бағдарламаны игеру (жылдық бағалар) жарамсыз мән). Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті бойынша мәлімет ұсынылмаған.

11. edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атау алынбаған.

12. Әдістемелік ұсынымның 9 – қосымшасы бойынша № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы мәліметтері толық ұсынылмаған, мәліметтер толық көрсетілмеген. Басқару құқығы, ауданы көрсетілген пәндік кабинеттер, Зертханалық мәлімет және түрі көрсетілген техникалық оқыту құралдарының, оқу және оқу-зертханалық жабдықтау, Акт залы (қорытынды есепте 150 орындық берілген), Компьютерлік сыныптар, компьютерлер, жабдықтар мен жиһаздар, Контингент туралы өзекті деректер

базасымен білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі, аймақтағы үшінші деңгейдегі edu.kz домендік атау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы ақпараты толық берілмеген. (Бастауыш білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары, Негізгі орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау нормалары, Жалпы орта білім беру ұйымдарын жабдықтар мен және жиһазбен жабдықтау нормалары).

13. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталмаған.

14. Таңдау пәндерінен 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында 10-11-сыныпта бөліп оқытудың апталық жүктемесі өзге пәнге берілген.

15. 2024-2025 оқу жылында 6 сабақтың тақырыптары қамтылмай қалған. Сабақ өткізілді деп белгіленген 20 сабақ өткізілгендігі жүктелмеген. 2025-2026 оқу жылында БЖБ ұпайын 25 балмен қойған, 03-05 қараша күнгі сабақтың тақырыбы, өтті батырмасы білім алушыларды бағаламаған. 03-04 қараша күндері сабақтың тақырыбын, өтті батырмасын қоймаған 3 педагог бар, .9,11 сыныптарда БЖБ, ТЖБ балладрын өзгертуге жол берген мұғалімдер: орыс тілі, физика, қазақ тілі (2), математика (2), химия, АӘД, информатика пәнінде орын алған.

Ұсыныс: 1. Жоғарыда аталып өткен жұмыс нәтижелері бойынша қайта түзетуге іс-шара жоспарын жасап, сала бойынша кеткен кемшіліктерге сәйкес тиісті қызметкерлерге тиісті шарасы ұсынылса.

2. Іс-шара жоспарына сәйкес белгілі уақыт аралығында өзін-өзі қайта бағалау жұмыстары жүргізіліп, жұмыс нәтижелері мектеп сайтына жарияланса.

Жарыс сөз

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Ж.Ерімбетова

2025-2026 оқу жылында мектепті мемлекеттік аттестаттаудан өткізу жұмыстарының нәтижесімен танысып шығу барысында жұмыстарды қайта қарау және қайта бағалау жұмыстарын жүргізу керек. Жоғарыдағы ұсынылған шешімге сәйкес кемшілік жіберген тиісті адамдарға шара көрілуі және алдағы уақытта жұмысқа жауапкершілікпен қарауын ескерту керек.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы С. Жақыпов

Мемлекеттік аттестаттау жұмыстарының қорытындысына сәйкес әріптестерімнің айтқан пікіріне қосыламын. Сала бойынша міндетті жұмыстар өз уақытында орындалуы тиіс. Орындалмаған және кемшіліктер мен қателіктер кеткен жағдайда тиісті шарасы көрілуі керек

Бастауыш сыныпта бірлестігінің жетекшісі, кәсіподақ төрайымы Г.Әбдіғали

Бүгінгі талқыланған мәселеге сәйкес бірлестік мүшелері арасында алдағы уақытта кемшіліктерді жібермеу мақсатында қосымша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Аталған кемшіліктер бойынша іс-шара жоспарын жасап, белгілі уақыт аралығында құжаттарды қайта ұсыну қажет деп ойлаймын. Ал уақыты өткен жұмыстарға байланысты тиісті адамдарға шара көрілуі керек. Әріптестер,

алдағы уақытта өз уақытына сәйкес тиісті жұмысты жауапкершілікпен атқаруымыз керек.

Педагогикалық кеңестің қорытындылары мен шешімдері

1. Мемлекеттік аттестаттау барысында кеткен кемшіліктерді түзетуге іс-шара жоспарын жасап, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсыну мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Каденоваға тапсырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің ұсынған қорытындысы бойынша кемшілік жіберген педагогтар Т.Каденов, Н.Таңбай, К.Жолмаханова, Н.Сейітқасымов, Г.Әбдіғали, А.Бекмаханова, Ж.Нурмағанбетов, Қ.Досбаев, Б.Лаубаев, Ж.Изимова, Қ.Құлмаханова, Л.Туматова, Л.Базарбаева, А.Құлмаханова, Л.Оспан, Е.Исмайлов, А.Жұманова, Ж.Утепбергенова, Е.Үсембаева, А.Жүсіпбекова, А.Алдамжаров, Р.Тоқбаев, Ә.Аяпова, Д.Дәулетшееваларға тиісті шарасы берілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы
Педагогикалық кеңес хатшысы



Ж.Ш.Демеубаева
Ә.Аяпова